

2019-2021 жылдарға арналған Ембі қаласының бюджетін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 272 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Мұғалжар аудандық Әділет басқармасында 2019 жылғы 9 қаңтарда № 3-9-231 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9–1 бабының 2 тармағына, 75 бабының 2 тармағына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2019-2021 жылдарға арналған Ембі қаласының бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 168 768,0 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдер – 18 006,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 150 762,0 мың теңге;

2) шығындар – 175 727,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге;

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -6959,1 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 6959,1 мың теңге

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 28.03.2019 № 299 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.05.2019 № 319 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.08.2019 № 341 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2019 № 365 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Қала бюджетінің кірісіне мыналар есептелетін болып ескерілсін:

салықтық түсімдер:

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағында тіркелген жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынбайтын кірістері бойынша жеке табыс салығы;

мүлкі аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағында орналасқан жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

жер учаскесі аудандық маңызы бар қалада, ауылда, кентте орналасқан жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығы;

аудандық маңызы бар қалада, ауылда, кентте тіркелген жеке және заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығы;

сыртқы (көрнекі) жарнаманы:

аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің аумақтары арқылы өтетін республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде;

аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің аумақтары арқылы өтетін облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде;

аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде;

аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастыру үшін төлемақы;

салықтық емес түсімдер:

аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістер:

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін басқа да кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

3. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша негізгі капиталды сатудан аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін түсімдер болып табылады.

4. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы "2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 8 бабына сәйкес:

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 525 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 29 698 теңге болып белгіленгені ескерілсін.

5. 2019 жылға арналған Ембі қаласының бюджетіне аудандық бюджеттен берілетін субвенция көлемі 125 148,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

5-1. Ең төменгі жалақының мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекеленген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге – 21 739,0 мың теңге.

Ескерту. Шешім 5-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 28.03.2019 № 299 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 21.05.2019 № 319 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.08.2019 № 341 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2019 № 365 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

5-2. 2019 жылға арналған Ембі қаласының бюджетіне аудандық бюджеттен 2 481,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 5-2 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 28.03.2019 № 299 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 21.05.2019 № 319 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

5-3. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге - 1 394,0 мың теңге.

Ескерту. Шешім 5-3 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 21.05.2019 № 319 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. "Мұғалжар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Мұғалжар аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

7. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық мәслихатының хатшысы, сессия төрағасы *Р. Мусенова*

Мұғалжар аудандық мәслихатының

2019 жылғы 4 қаңтардағы

№ 272 шешіміне

1 қосымша

2019 жылға арналған Ембі қаласының бюджеті

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 03.12.2019 № 365 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

санаты	сыныбы	кіші сыныбы	атауы		сомасы (мың теңге)
			1. КІРІСТЕР		168 768,0
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР		18 006,0
	01		Табыс салығы		3 794,0
		2	Жеке табыс салығы		3 794,0
	04		Меншікке салынатын салықтар		14 212,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар		705,0
		3	Жер салығы		531,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық		12 976,0
4			Трансферттердің түсімдері		150 762,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		150 762,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		150 762,0
функционалдық топ	кіші функция	бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	бағдарлама	атауы	сомасы (мың теңге)
				II. ШЫҒЫНДАР	175 727,1
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	41 698,0

	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	41 698,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	41 698,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	38 140,0
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 558,0
04				Білім беру	108 085,6
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	108 085,6
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	108 085,6
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	108 085,6
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	22 794,4

	3			Елді-мекендерді көркейту	22 794,4
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	22 794,4
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	13 801,4
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	4 200,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	4 793,0
12				Көлік және коммуникация	3 149,1
	1			Автомобиль көлігі	3 149,1
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 149,1
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 149,1
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-6 959,1
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	6 959,1
				Бюджет қаражатының	6 959,1

				пайдаланылатын қалдықтары	
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	6 959,1
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	6 959,1
			01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	6 959,1

Мұғалжар аудандық мәслихатының
2019 жылғы 4 қаңтардағы
№ 272 шешіміне
2 қосымша

2020 жылға арналған Ембі қаласының бюджеті

санаты	сыныбы	кіші сыныбы	атауы	сомасы (мың теңге)
			1. КІРІСТЕР	134 299,0
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	18 018,0
	01		Табыс салығы	3 794,0
		2	Жеке табыс салығы	3 794,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	14 224,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	727,0
		3	Жер салығы	362,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	13 135,0
4			Трансферттердің түсімдері	116 281,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	116 281,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	116 281,0

--	--	--	--	--	--

функционалдык топ	кіші функция	бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	бағдарлама	атауы	сомасы (мың теңге)
				II. ШЫҒЫНДАР	134 299,0
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	46 762,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	46 762,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	46 762,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	46 762,0
04				Білім беру	81 469,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	81 469,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	81 469,0
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет	81 469,0

				көрсетуді ұйымдастыру	
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6 068,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	6 068,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 068,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	6 068,0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0,0
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,0

Мұғалжар аудандық мәслихатының
2019 жылғы 4 қаңтардағы
№ 272 шешіміне
3 қосымша

2021 жылға арналған Ембі қаласының бюджеті

санаты	сыныбы	кіші сыныбы	атауы	сомасы (мың теңге)
			1. КІРІСТЕР	82 262,0
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	19 419,0
	01		Табыс салығы	3 984,0
		2	Жеке табыс салығы	3 984,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	15 435,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	763,0
		3	Жер салығы	880,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	13 792,0
4			Трансферттердің түсімдері	62 843,0

	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	62 843,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	62 843,0

функционалдық топ	кіші функция	бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	бағдарлама	атауы	сомасы (мың теңге)
				II. ШЫҒЫНДАР	82 262,0
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	22 452,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	22 452,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	22 452,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22 452,0
04				Білім беру	53 504,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	53 504,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ	53 504,0

				әкімінің апараты	
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	53 504,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6 306,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	6 306,0
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің апараты	6 306,0
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	6 306,0
				V. Бюджет тапшылығы (0,0 профициті)	0,0
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,0